

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласын дамытудың 2013 - 2015 жылдарға арналған кешенді шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 10 қаңтардағы № 1-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласын дамытудың 2013 – 2015 жылдарға арналған кешенді шаралар жоспары (бұдан әрі – **Ж о с п а р ы**) **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де **ұ й ы м д а р** (**к е л і с і м** **б о й ы н ш а**):

- 1) Жоспарды іске асыру жөніндегі шараларды қабылдасын;
- 2) жартыжылдық қорытындылары бойынша 5 шілдеден және 5 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне Жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі жыл сайын 25 шілдеде және 25 қаңтарда Жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне беруді қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

1 0

қ а ң т а р д а ғ ы

№ 1 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласын дамытудың 2013 - 2015 жылдарға арналған кешенді шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар (млн. теңге)*	Қаржыландыру көзі
1	2	4	5	6	7	8
1. Ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік деңгейін арттыру						
1	Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) аудитінің ескертулерін жою және қазақстандық авиакомпаниялардың Еуропалық Одақ елдеріне ұшуына қойылған	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ККМ	2013 жыл	Талап етілмейді	Талап етілмейді

	шектеулерді алып тастау жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру					
2	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің қызметкерлерін оқыту және біліктілігін арттыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ККМ	2013 жыл	14,5	Р Б (001 «Көлік және коммуникация саласында саясатты қалыптастыру, үйлестіру және бақылау бойынша қызметтер»)
3	«Азаматтық авиация академиясы» АҚ базасында ИКАО өңірлік авиациялық қауіпсіздік оқу орталығын құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ККМ, БҒМ	2013 жыл	Талап етілмейді	Талап етілмейді
4	Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы мамандықтарының тізбесіне азаматтық авиация саласы мамандықтарын енгізу бойынша шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	БҒМ (жинақтау), ККМ	2013 жыл	Талап етілмейді	Талап етілмейді

2. Әуежайлар мен әуеайлақтар инфрақұрылымын дамыту

5	Қызылорда, Атырау, Павлодар, Ақтөбе, Көкшетау, Петропавл, Қостанай, Астана, Өскемен, Семей, Шымкент қалаларының мемлекеттік әуежайларын біріктіру жолымен басқарушы компания құру жөніндегі ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ККМ (жинақтау), Қаржымині, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша)	2013 жыл	Талап етілмейді	Талап етілмейді
6	Тараз қаласы әуежайының жасанды ұшу-қону жолағын және № 2 рульдеу жолағын қайта жаңарту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ККМ (жинақтау), ЭДСМ, Жамбыл облысының әкімдігі	2013 жыл	4 761	Р Б (006 «Әуе көлігі инфрақұрылымын салу және қайта жаңарту»)
7	Орал қаласы әуежайының ұшу-қону жолағын қайта жаңарту жөніндегі ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ККМ (жинақтау), Қаржымині, ЭДСМ, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі	2013-2014 жылдар	Талап етілмейді	Талап етілмейді
	Авиакөлікке «e-freight» ИАТА стандартын енгізу		ККМ (жинақтау), «Эйр Астана» АҚ (келісім			

8	жөніндегі шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	бойынша), ҚР әуежайлары (келісім бойынша)	2015 жыл	1 000	Бюджеттен тыс қаражат
3. Аэронавигациялық жүйені дамыту						
9	Әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйелері (ӘҚБАЖ), авиациялық электр байланысы, навигация жүйелері, қадағалау жүйелері, ұшуды электр техникалық қамтамасыз етуді жетілдіру орталықтарын дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ККМ (жинақтау), «ҚАН» РМК	2013-2014 жылдар	27 248	Бюджеттен тыс қаражат
10	ҰРТҚ ғимараттарын, құрылыстары мен объектілерін салу және күрделі жөндеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ККМ (жинақтау), «ҚАН» РМК	2013-2014 жылдар	13 602	Бюджеттен тыс қаражат
11	Аэронавигациялық ақпаратты халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ККМ (жинақтау), «ҚАН» РМК	2013-2014 жылдар	579	Бюджеттен тыс қаражат
12	Әуе трассаларының және әуеайлақтардың географиялық координаталарын аэронавигациялық ақпарат құжаттарында айқындау және жариялау үшін бірыңғай тірек жүйесі ретінде 1984 (WGS-84) – Дүниежүзілік геодезиялық координаталар жүйесін енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ККМ (жинақтау), «ҚАН» РМК	2013 жыл	1 600	Бюджеттен тыс қаражат
13	Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясындағы ұшуды іздестіру-құтқарумен қамтамасыз ету жүйесін ИКАО талаптарына сәйкес келтіру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ККМ (жинақтау), «ҚАН» РМК	2015 жыл	600	Бюджеттен тыс қаражат
4. Авиациялық қызметтер көрсетуді дамыту						
14	«2013–2020 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын дамытудың негізгі міндеттері,	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ККМ, «ҚАН» РМК (келісім бойынша)	2013 жыл	150	

	басымдықтары және бағыттары» тақырыбында зерттеу жүргізу					Бюджеттен тыс қаражат
15	Халықаралық және ішкі әуе қатынастарын одан әрі ырықтандыру жөніндегі шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ККМ (жинақтау), СІМ	2013-2014 жылдар	Талап етілмейді	Талап етілмейді
16	Ел экономикасының авиациялық қызметтер көрсетуге қажеттіліктерін қанағаттандыру, сондай-ақ қызметтер сапасын арттыру мақсатында әуе кемелерінің паркін жаңарту жөніндегі шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ККМ (жинақтау), «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	2013-2014 жылдар	39 750	Бюджеттен тыс қаражат
17	Әлеуметтік маңызды авиамаршруттарды субсидиялауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ККМ (жинақтау), Қаржымині, облыс әкімдері	2013-2015 жылдар	Тиісті қаржы жылына РБ-да көзделген қаражат есебінен және шегінде	Р Б (019 «Жүйелі ішкі авиатасымалдарды субсидиялау»)
5. Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру						
18	Азаматтық авиация саласын дамыту жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ККМ	2013-2015 жылдар	Талап етілмейді	Талап етілмейді
19	Азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілерді ИКАО талаптарына және қабылданған халықаралық міндеттемелерге сәйкес келтіру жөніндегі шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ККМ	2013-2015 жылдар	Талап етілмейді	Талап етілмейді

Е с к е р т п е :

* іс-шараларды қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді түзеу кезінде нақтыланатын болады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ЭДСМ – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

СІМ – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
«ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік
қ о ғ а м ы

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ – «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры»
а к ц и о н е р л і к қ о ғ а м ы

МҚІА - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

ӘҚБАЖ – Әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі

ИКАО – Халықаралық азаматтық авиация ұйымы

ИАТА – Әуе көлігінің халықаралық қауымдастығы

«ҚАН» РМК – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» Республикалық мемлекеттік
к ә с і п о р н ы

РБ – Республикалық бюджет

ҰРТҚ – ұшуды радиотехникамен қамтамасыз ету

WGS-84 – 1984 - Дүниежүзілік геодезиялық координаталар жүйесін енгізу

АҚ – Акционерлік қоғам